



20 \_\_\_\_\_ жылғы “ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_

“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ года

## Аудиторлық есеп

Орлы ауылы

2019 жылғы «15» ақпан  
№2

### I. Кіріспе бөлік

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы** «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-аудит объектісі) Атырау облысының Әділет департаменті Құрманғазы ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде 17.02.1995 жылы алғаш мемлекеттік тіркеуден өткен.

Мекен жайы: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Орлы ауылы, Нұғыман Манаев көшесі, 14 үй, тел/факс 8-71233-35596,35440.

Банктік және салықтық деректемелері:

Салықтық деректері 1503;

БСН 950240000261;

ЖСК KZ75070103KSN1503000;

БСК KKMFKZ2A

Өңірдің коды-0605.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Құрманғазы ауданындағы ауылдық округтерге жекелеген бағдарламаларға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуына мемлекеттік аудит жүргізу.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Құрманғазы ауданындағы ауылдық округтерге жекелеген бағдарламаларға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуына мемлекеттік аудит жүргізу.

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:** 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 003 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету», 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру», 014 «Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру», 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 027 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді

жөндеу және абаттандыру», 040 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру», 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламалары.

**1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:** Сәйкестік аудиті. Сыртқы мемлекеттік аудит.

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының №3 мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бөлімінің басшысы—мемлекеттік аудиторы А.Муратов (сертификат №0730), №2 мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бөлімінің жетекші маман—мемлекеттік аудитордың ассистенті С.Мухамеденов.

**1.7. Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма:** Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының (әрі қарай – Тексеру комиссиясы) мүшесі Г.Кайрошеваның 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №15-09-9/816-16-Т тапсырмасы (Атырау облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармасында 28.12.2018 жылы №182300002100012/00100 тіркелді) негізінде.

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2015-31.12.2017 жылдар аралығы.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2018 жылғы 27 желтоқсан – 2019 жылғы 22 ақпан аралығы.

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Мұфтахтың рұқсатымен, бас маман-есепші Г.Гиладжованың қатысуымен жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды тұлғалары:

**Бірінші қол қою құқығы:**

- Мұфтах Асқар Зинетуллаұлы 07.08.2013 жыл-осы кезеңге дейін;

**Екінші қол қою құқығы:**

- Гиладжова Гульсара Саржановна 01.10.2013 жыл-осы кезеңге дейін.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілетін объектілердің тізбесі:**

1) «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:**

Атырау облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының 09.09.2015 жылғы №313 бұйрығы негізінде кешенді бақылау жүргізілген. Бақылауды №1 бақылау бөлімінің бас бақылаушы-тексеруші Т.Сабиев жүргізген. Бақылаумен 01.01.2013-30.06.2015 жыл аралығы қамтылған. Бақылаумен 481,4 мың теңгенің қаржылық бұзушылықтары анықталды. Бақылау нәтижесімен бұзушылықтар қалпына келтірілген.

(2015 жылғы 02 қазандағы бақылау актісі)

## **II. Негізгі бөлік**

### **2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:**

#### **Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:**

«нәтижелілік» – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Аудиторлық есеп аудит объектісінің ұсынылған құжаттары мен аудит мәселесіне сәйкес ұсынылған материалдарына сәйкес жасақталды. Аудит мәселелері бойынша жүргізіліп отырған аудит ішінара іріктеу әдісімен жүргізілді.

Алдын ала зерделеу нәтижесімен алынған мәліметтерге сәйкес аудит объектісі Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 қаңтардағы №9 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес қызмет атқарады.

#### **2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:**

- 1) Аудит объектісі қызметінің орындалысына талдау жүргізу;
- 2) Аудитпен қамтылатын қаржылар туралы мәлімет;
- 3) Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының негізді жұмсалыуына аудит жүргізу;
- 4) Жоғары тұрған бюджеттен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен, Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен, Жұмыспен қамту 2020 жол картасы арқылы бөлінген қаражаттарының жұмсалыуының дұрыстығы;
- 5) Активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың есепке алынуын және есептен шығару дұрыстығы, олардың бухгалтерлік есеп бойынша бастапқы құжаттарына (шот-фактуралар, жүкқұжаттар, төлемге ұсынылған шоттар және т.б.) сәйкестігі мен сақтандығын анықтау үшін негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу жұмыстарын жүргізу;
- 6) Мемлекеттік сатып алу бойынша жасақталған келісім шарттардың орындалысы;
- 7) Күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаражаттың дұрыстығы, орындалған жұмыс түрлерінің жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған шарттар бойынша жасалған және төленген сомаларға сәйкестігі;

#### **2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:**

- 1) Аудит объектісі қызметінің орындалысына талдау жүргізу;

2015 жылы Орлы селолық округі бойынша елді мекендер саны- 3, есепте тұратын отбасы саны 492, ондағы адам саны 2637. Еңбек ету жасындағылар 1436, зейнеткерлер 213, жұмыс жасайтындар 1068, есепті мерзім ішінде жұмыссыздар есебінде тұрған 34 адам қоғамдық ақылы қызметке тартылған, ресми жұмыссыздар саны 52, жалпы жұмыссыздар саны 61.

2015 жылы жастар тәжірибесімен 4 адам қамтылған. 2015 жылдың ішінде 8 отбасына, 51 адамға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып 882798 тенге төленген. 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны 68 отбасы, 203 балаға 4153462 тенге төленген. Округ бойынша 131 мүгедек есепте тұрған, оның ішінде 1 топ мүгедегі- 11, 2 топ мүгедегі- 64, 3- топ мүгедегі- 39, 18 жасқа дейін мүгедек бала саны- 17. Әр

түрлі аурулармен ауырып диспансерлік есепте тұрған адам саны- 352. Жеке оңалту бағдарламасымен 37 мүмкіндігі шектеулі адам қамтылған. Жыл ішінде 1 адам қоғамдық ақылы қызметке тартылған. Мүмкіндігі шектеулі балалар саны 6, жалғыздікті қариялар саны 4, оларға 2 әлеуметтік қызметкер қызмет еткен. Жалғыздікті қариялар саны азайғандықтан 2015 жылдың 1 қарашасынан бастап 1 әлеуметтік маман қысқартылған. Атырау қаласына сауықтыру орталығына 3 адам жіберілген. Ақтөбе қаласындағы «Алғабас» санаториясына 2 адам, Орал қаласындағы «Ақжайық» санаториясына 2 адам тегін демалуға мүмкіндік алған.

Округ аумағындағы шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер 132 адамға (тыл еңбекерлері, ауған соғысына қатысушылар, аз қамтылған отбасылар, жартылай, тұл жетім балаларға, жалғызбасты қарияларға, 1-2-3 топ мүгедектеріне) 218 мың теңгенің демеушілік, қайырымдылық көмектерін ұйымдастырған, 21 адамға тегін мерзімді басылымдарға жаздыруға көмек жасаған.

Округ аумағында «Құралай» супермаркеті, тойхана, дәмхана, мейрамхана, қонақ үй, сауна, тегершік жөндеу орны, ағаш шеберханасы, 7 сауда дүңгіршегі халыққа қызмет көрсеткен. Округ бойынша 2015 жылы шаруа қожалықтарының саны 45, жеке кәсіпкерлер саны 53. Бұл шаруашылықтарда 172 адам тұрақты жұмыс істеген. Шығарылған өнім көлемі 93 млн теңгеден асақан. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мал басын өсіру мен оның өнімін өндіру үшін «Атырау ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 2 адамға (Құмарғалиев Н, Қаршолов М) 6 млн 000 мың теңгенің несиесі берілген.

2015 жылы 1 инвестициялық жоба іске асырылған:

1.Т.Утеков шаруа қожалығында 5 га егістік жерге тамшылату әдісін енгізу орындалған.

Селолық округ бойынша МІҚ- 2877 бас, төлі- 897, қой-ешкі- 5674 бас, төлі- 2289, жылқы- 673 бас, төлі-177бас, түйе-265 бас, төлі- 35 бас. 2015 жылы өндірілген өнім көлемі ет- 548 тонна, сүт- 460 тонна, жүн- 14 тонна. «Эпизоотияға қарсы күрес» бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын, үй жануарларын, үй құстарын түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялау, дегельминтизациялау, серологиялық және аллергиялық тексеру жұмыстары өз дережесінде, толықтай жүргізілген. Жыл ішінде 11081 бас мал бірдейдендірілген, 160 жылқы табыраланған, барлық мал басы түгелдей компьютерлік дерек базасына енгізілген. Жыл ішінде 65 бас бұралқы ит-мысық жойылған. Округте 3 мал дәрігер мамандары халыққа қызмет көрсеткен.

2015 жылы жеке тұрғындар 3 га жерге картоп, 9 га жерге көкөніс егіп 1494 ц өнім алынған. Шаруа қожалықтары 7 га жерге көкөніс, 4 га жерге бақша, 21 га картоп өнімдерін өсіріп 5494 ц өнім алынған. Т.Утеков шаруа қожалығы 2015жылы 5 га жерге тамшылатып суару әдісімен егін егуді инвестициялық жоба арқылы жүзеге асырған.

«Таза су» аймақтық бағдарламасы бағытында Орлы селосы тұрғындары толықтай таза сумен қамтылған. Таза су ғимаратын сенімгерлік басқаруға алған «Муфтах» ЖШС ауыл тұрғындарын жыл бойы таза сумен қамтамасыз

еткен. 6 ауыл, Камыс үйген, Каспий елді мекендеріне СТГ мен су желілері толықтай аяқталған.

Орлы селосында 280, Шестой елді мекенінде 8, Каспий 2, Камыс зауыт ауылында 26, ЛСП учаскесінде 4, Алма терек, Қанжығада 4 үй телефон қызметін пайдаланса), 105 астам үй интернет желісін пайдаланған.

Ауылдың құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау мақсатында жұмыстар атқарылған. Орлы селолық округі бойынша пәтер тонау, мал ұрлау, адамдарға қарсы бұзақылық, кісі зорлау және адамдар тонау фактілерің алдын-алу мақсатында профилактикалық іс-шаралары өткізілген. Қоғамдық орындар мен көшелерде қылмыстың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында мереке кезінде арнайы шаралар ұйымдастырылған. Азаматтар жаппай жиналатын орындары (Құралай супермаркеті, Гүлназира мейрамханасы мен қонақ үйі, Бистро дәмханасы, автокөлік тұрағы, Ақбота тойханасы) 18 видео бақылау камераларымен жабдықталған. 2016 жылы бойынша көше тыныштығын бұзған 12 адамға, қоғамдық орында мас күйінде жүрген 27 адамға, белгіленбеген жерде темекі шеккен 12 адамға, ұсақ бұзақылық құлықтары үшін 16 адамға, қоғамдық орында тиісу 1 адамға әкімшілік шара алынған. Беймезгіл уақытта жүрген 24 жасөспірім анықталып ата-аналарына ескертілген. Отбасы қарым-қатынасындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін 10 адамға қорғау нұсқамасы шығарылған. Маскүнемдіктен еріксіз емдеу мекемесіне 2 адам жіберілген. Сондай-ақ заңсыз балық аулаған 4 адам, ит ұстау ережесін бұзған 1 адам, қаруды сақтау ережесін бұзған 4 адам, елді мекендерді аббатандыру қағидаларын бұзған 5 адам анықталып айыппұлдар салынған.

2016 жылы Орлы селолық округі бойынша елді мекендер саны - 3, есепте тұратын отбасы саны 491, ондағы адам саны 2680, үй саны 471. Еңбек ету жасындағылар 1436, зейнеткерлер 215, жұмыс жасайтындар 1068, есепті мерзім ішінде жұмыссыздар есебінде тұрған 38 адам қоғамдық ақылы қызметке тартылған. Округте мектепте білім алатын бала саны 424, 14-29 жас аралығындағы жастар саны 684. 2016 жылы жастар тәжірибесімен жұмыспен қамту орталығы арқылы 8 адам жұмыспен қамтылған. 2016 жыл ішінде 1 отбасыға, яғни 4 адамға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 192 мың 249 тг төленген. Есепті мерзім ішінде 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны 74 отбасы, 217 балаға 4 млн 231 мың 477 тг қаржы төленген.

Жалпы округ бойынша 128 мүгедек тіркелген, оның ішінде I топ мүгедегі - 12, II топ мүгедегі - 62, III топ мүгедегі - 38, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны - 16. Округте 15 тыл еңбеккері және 4 ауған соғысы жауынгері, 30 алтын алқа иегері, 30 күміс алқа иегері.

2016 жылы 131 мүгедекке 655 мың теңге, 4 ауған соғысы ардагеріне 20 мың теңге, 1 адамға бір жолғы 50 мың теңгенің және аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 2 қарашадағы №87-VI шешіміне сәйкес туберкулездің әр түрімен ауыратын 11 адамға 848 мың 400 тг біржолғы қаржылай әлеуметтік көмектер аудандық бөлім арқылы берілген. Жеке оңалту бағдарламасымен 37 мүмкіндігі шектеулі жандар қамтылған. Мүгедекті жеке оңалту бағдарламасы бойынша жыл ішінде Ақтобе қаласындағы «Алғабас А»

санаториясында 4 адам демалып, 2 адам санаториялық жолдамадан бас тартқан. Есепті мерзім ішінде 4 адам Атырау қаласындағы сауықтыру орталығына жіберілген, 2 адам жолдамадан бас тартып. Жеке оңалту бағдарламасы арқылы жеке көмекшімен жүріп-тұруы қиын бес I топ мүгедектері қамтылып, тиісті қаражаттары аудандық бөлім арқылы төленген. Сонымен қатар, 2 адамға плейер, 1 адамға арнайы грифель қағазы, 1 адамға жазу грифелі, 2 адамға есту аппараты, 5 адамға таяқ, 3 адамға ортопедиялық аяқ киім, 1 адамға қол протезі, 1 адамға балдақ, 2 адамға кресло-арба, 7 адамға тифлосағат және медициналық 3600 дана жөргек уақытылы аудандық бөлім арқылы арнайы кезек бойынша берілген. Округ тұрғыны, зейнеткер, I топ мүгедегі Хамзин Жасжанның тұрғын үйіне демеушілік негізде 65 мың тг көлемінде жәй жөндеу жұмыстары жүргізілген. Атаулы мерекелерде және округтегі мерейлі жас иелеріне 62 арнайы құттықтау мен алғыс хаттар және 248 мың теңгенің мерекелік сыйлықтары табысталған. Жыл ішінде «Мектепке жол» акциясы аясында жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы 40 оқушыға 200мың теңгенің оқуға қажетті керек-жарақтары алынып берілген.

Округ аумағында «Құралай» супермаркеті, «Ақ бота» тойханасы, «Бистро» дәмханасы, «Гульназира» мейрамханасы, «Құралай» қонақ үйі және автокөлік тұрағы мен 7 сауда дүкені халыққа қызмет көрсеткен. Округ бойынша 2016 жылы шаруа қожалықтарының саны 47, жеке кәсіпкерлер саны 53. Бұл шаруашылықтарда 179 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 2016 жыл ішінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мал басын өсіру мен оның өнімін өндіру үшін «Атырау ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 1 адамға (Сисенғалиев Алихан) 2 млн теңге, көлік жөндеу және жуу орталығын ашу үшін 1 адамға (Аруов Нұрсейт) 3 млн теңге, 1 адамға (Дюсекенов Ербулат) егін шаруашылығына тамшылатып суару әдісімен жылыжай құрылысын салу үшін 3 млн тг, жыл ішінде барлығы 8 млн теңгенің несиесі алынған.

Округ бойынша МІҚ- 2213 бас, төлі-388, қой-ешкі - 4261 бас, төлі-1934, жылқы- 694 бас, төлі-103бас, түйе-203 бас, төлі- 28 бас. 2016 жылы өндірілген өнім көлемі ет- 274 тонна, сүт- 225 тонна, жүн- 11,5 тонна. «Эпизоотияға қарсы күрес» бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын, үй жануарларын, үй құстарын түрлі жұқпалы ауруларға тексеру жұмыстары өз дәрежесінде толықтай жүргізілген. Округте 3 мал дәрігер мамандары халыққа қызмет көрсеткен. Құтыруға қарсы вакцинациясынан МІҚ-700, қой-ешкі-400, жылқы-50, ит- 80, 50 мысық вакцинациядан өткен. Сібір жарасына қарсы МІҚ 2600, жылқы 300, түйе 200, қой-ешкі 7000 бас, обаға байланысты 200 бас түйе вакцинациядан өткен. Туберкулезге аллергиялық тексеруден МІҚ 2650 бас, түйе 250 бас, бруцеллезге серелогиялық тексеруден МІҚ 3838 бас, түйе 200 бас, қой-ешкі 9750 бас өткен. Тұмауға қарсы 200 бас құсқа вакцина егілген. Жыл ішінде 35 бас бұралқы ит және 3 бас мысық жойылған. Бруцеллезге шыққан 11 бас сиыр ет комбинатында сойылған. Нодулярлы дерматит ауруымен 335 бас сиыр ауырған. Бұл аурудан 93 бас МІҚ малы өлген. Аталмыш аурудан өлген мал иелеріне Үкімет шешіміне сәйкес 100% өтемақы толықтай төленген.

2016 жылы жеке тұрғындар 9 га жерге картоп егіп, 720 ц, 1,5 га жерге көкөніс егіп 21 ц, 1,5 га жерге бақша егіп, 27 ц өнім алынған. Шаруа қожалықтары 5,5 га жерге көкөніс егіп, 748 ц, 6,5 га жер бақшадан, 1100 ц, 8 га жерге картоп өнімдерін өсіріп 380 ц өнім алынған. Барлығы 32 га егін егіліп, округ бойынша көкөністен 769 ц, бақшадан 1127 ц, картоптан 1100 ц барлығы 2996 ц өнім алынған. Т.Утеков шаруа қожалығы 2016 жылы 13 га жерге тамшылатып суару әдісімен жұмыстанған.

«Таза су» аймақтық бағдарламасы бағытында Орлы ауылының тұрғындары толықтай таза сумен қамтылып келеді. Орлы ауылындағы су құбыры желілерінің ұзындығы – 9,5 шақырым. Орлыдағы абонент саны 365, оның барлығында да су есептегіш құрал орнатылған. Алтыншы, Каспий ауылындағы су құбыры желілерінің ұзындығы – 11,42 шақырым. Алтыншы, Каспий ауылындағы СТГ мен су желілері 2016 жылы «Ж.Шакупов» ШҚ-на сенімгерлікпен басқаруға 3 жылға беріліп, тұрғындарға ауыз су уақытылы жіберіліп отыр. Абонент саны 64, оның 61-де су есептегіш құрал орнатылған.

Орлы селосында 280, Шестой елді мекенінде 8, Каспий 2, Камыс зауыт ауылында 26, ЛСП учаскесінде 4, Алма терек, Қанжығада 4 үй телефон қызметін пайдаланса (барлығы 324 нүкте), 105 астам үй интернет желісін қолданған. Округтегі Казпошта бөлімшесінде 1 адам қызмет көрсеткен.

Ауылда құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау мақсатында жұмыстар өз дәрежесінде атқарылған. Орлы ауылдық округі бойынша пәтер тонау, мал ұрлау, адамдарға қарсы бұзақылық, кісі зорлау және адамдар тонау фактілерінің алдын-алу мақсатында профилактикалық іс-шаралары өткізілген. Қоғамдық орындар мен кошелерде қылмыстың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында мереке кезінде арнайы шаралар ұйымдастырылған. Азаматтар жаппай жиналатын орындары ( Құралай супермаркеті, Гүлназира мейрамханасы мен қонақ үйі, Бистро дәмханасы, автокөлік тұрағы, Ақбота тойханасы) 18 видео бақылау камераларымен жабдықталған.

Округ бойынша көше тыныштығын бұзған 7 адамға, қоғамдық орында мас күйінде жүрген 22 адамға, белгіленбеген жерде темекі шеккен 14 адамға, ұсақ бұзақылық құлықтары үшін 16 адамға, заңсыз орында сауда жасаған 1 адамға, заңсыз балық аулаған 4 адамға, үй жануарларын соның ішінде ит ұстау қағидасын бұзған 5 адамға, қайыршылықпен ұсталған 1 адамға, қаруды сақтау ережесін бұзған 2 адамға, қаруды тіркеу ережесін бұзған 2 адамға, көші-кон ережесін бұзған 18 адамға, елді мекен аумақтарындағы абаттандыру қағидасын бұзған 9 адамға және жол жүру ережесін бұзған 1 адамға әкімшілік шара алынған. Отбасы қарым-қатынасындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін 9 адамға қорғау нұсқамасы шығарылған. Маскүнемдіктен еріксіз емдеу мекемесіне 1 адам жіберілген.

2017 жылы Орлы селолық округі бойынша елді мекендер саны - 3, есепте тұратын отбасы саны 479, ондағы адам саны 2516, үй саны 518. Еңбек ету жасындағылар 1307, зейнеткерлер 218, жұмыс жасайтындар 1053, есепті мерзім ішінде жұмыссыздар есебінде тұрған 36 адам қоғамдық ақылы қызметке тартылған. Округ бойынша мектепте білім алатын бала саны 424, 14-

29 жас аралығындағы жастар саны 684. 2017 жылы жастар тәжірибесімен жұмыспен қамту орталығы арқылы 4 адам жұмыспен қамтылған. Жыл ішінде 2 отбасыға, яғни 12 адамға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 231 мың 972 тг төленген. Есепті мерзім ішінде 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны 61 отбасы, 186 балаға 3 млн 958 мың 205 тг қаржы төленген.

Жалпы округ бойынша 132 мүгедек есепте тұр, оның ішінде I топ мүгедегі - 9, II топ мүгедегі - 65, III топ мүгедегі - 41, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны - 17. Округте 12 тыл еңбеккері және 4 ауған соғысы жауынгері, 32 алтын алқа иегері, 26 күміс алқа.

2017 жылы 132 мүгедекке кісі басына 20 мың тг-ден 2 млн 640 мың теңге, 4 ауған соғысы ардагеріне 400 мың теңге, әскерден жаракат алып мүгедектік алған 2 мүгедекке 200000 теңге біржолғы қаржылай көмек, аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 2 қарашадағы №87-VI шешіміне сәйкес туберкулездің әр түрімен ауыратын 11 адамға 907 мың 600 тг біржолғы қаржылай әлеуметтік көмектер аудандық бөлім арқылы берілген. Жеке оңалту бағдарламасымен 38 мүмкіндігі шектеулі жандар қамтылған. Мүгедекті жеке оңалту бағдарламасы бойынша жыл ішінде Көкшетау қаласындағы «Бурабай» санаториясында 2 адам, Ақтөбе қаласындағы «АлғабасА» санаториясында 4 адам демалған. Жеке оңалту бағдарламасы арқылы жеке көмекшімен жүрінтуруы қиын бес I топ мүгедектері қамтылып, тиісті қаражаттары аудандық бөлім арқылы төленген. Сонымен қатар 3 адамға ноутбук, 2 адамға есту аппараты, 2 адамға таяқ, 1 адамға ортопедиялық аяқ киім, 8 адамға кресло-арба, 1 адамға ұялы телефон, 1 адамға жаялық және 7 адамға 2555 дана медициналық жөргек уақтылы аудандық бөлім арқылы арнайы кезек бойынша берілген.

Жыл ішінде «Мектепке жол» акциясы аясында жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасының 30 оқушысына 210 мың теңге оқуға керек құралдары алынып берілген.

Округ аумағында «Құралай» супермаркеті, «Ақ бота» тойханасы, «Бистро» дәмханасы, «Гульназира» мейрамханасы, «Құралай» қонақ үйі және автокөлік тұрағы мен 7 сауда дүкені халыққа қызмет көрсеткен. Округ бойынша 2017 жылы шаруа қожалықтарының саны 50, жеке кәсіпкерлер саны 60. Бұл шаруашылықтарда 180 адам тұрақты жұмыс істеген.

2017 жыл ішінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мал басын өсіру мен оның өнімін өндіру үшін «Атырау ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 1 адамға (Сейлханов Султанбек) 4 млн теңгенің несие берілген.

2017 жылы бойынша 2135 бас МІҚ, 4223 бас қой-ешкі, 787 бас жылқы, 205 бас түйе болған. «Эпизоотияға қарсы күрес» бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын, үй жануарларын, үй құстарын түрлі жұқпалы ауруларға тексеру жұмыстары өз дәрежесінде толықтай жүргізілген. Орлы ветеринариялық бөлімшесіндегі 3 мал дәрігері мамандары халыққа қызмет еткен. Құтыруға қарсы вакцинациясынан МІҚ-220, қой-ешкі-130, жылқы-10, ит- 110, 30 мысық вакцинациядан өткен. Сібір жарасына қарсы МІҚ 2640, жылқы 290, түйе 150, қой-ешкі 6810 бас, обаға байланысты 145 бас түйе

вакцинациядан өткен. Туберкулезге аллергиялық тексеруден МІҚ 3480 бас, түйе 205 бас, бруцеллезге серологиялық тексеруден МІҚ 3400 бас, түйе 230 бас, қой-ешкі 8140 бас және бруцеллезге ифа құралымен тексеру 58 ірі қараға жасалған. Тұмауға қарсы 120 бас құсқа, кара сан ауруына 1780 МІҚ, нодулярлы дерматит ауруына қарсы МІҚ-ға 3000 вакцина егілген. Жыл ішінде 97 бұралқы ит және 66 мысық, жалпы 163 бас атып жойылған. Бруцеллезге шыққан 14 бас сиыр Заң талаптарына сәйкес ет комбинатында сойылған.

2017 жылы 16,5 га жерге картоп егіліп, 102 т, 8,6 га жерге көкөніс егіп 120 т, 8 га жерге бақша егіп, 144 т өнім алынған. Барлығы 33,1 га егін егіліп, округ бойынша барлығы 366,4 т өнім алынған.

«Ақ бұлақ» аймақтық бағдарламасы аясында Орлы ауылының тұрғындары толықтай таза сумен қамтылып келген. Орлы ауылындағы су құбыры желілерінің ұзындығы – 13,5 шақырым. Таза су ғимаратын 2010 жылдан бері сенімгерлік басқаруға алған «Муфтах» ЖШС ауыл тұрғындарын жыл бойы таза сумен қамтамасыз еткен. Орлыдағы абонент саны 365, оның барлығында да су есептегіш құрал орнатылған. Алтыншы, Каспий ауылындағы су құбыры желілерінің ұзындығы – 11,42 шақырым. Алтыншы, Каспий ауылындағы СТҒ мен су желілері 2016 жылы «Ж.Шакупов» ШҚ-на сенімгерлікпен басқаруға 3 жылға беріліп, тұрғындарға ауыз су уақытылы жіберіліп отырған. Абонент саны 64, оның 61-де су есептегіш құрал орнатылған.

2017 жыл ішінде округтегі әлеуметтік нысандардағы және Орлы ауылының Тәуелсіздік көшесіндегі газ қысымын реттейтін қорабтар газ қысымының аздығы жөніндегі сұранысқа сәйкес «КазТрансГаз-Аймақ» мекемесі арқылы ауыстырылған. 2017 жылғы көктемгі өр суынан қорғану мақсатында жергілікті атқарушы органдардың шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен 2 млн 700 мың тг қаражатқа округтегі бөгеттерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалып, қаражат толықтай игерілген. Орлы ауылында бұрыннан 45 дана электр шамы Н.Манаев, Қ.Құрманғалиев, Тәуелсіздік көшелерінде қондырылған. Жыл ішінде «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 2 млн 218 тг қаражатқа Алтыншы ауылына спорттық және балалар ойын алаңының құрылысын аталған мақсатта алынған 0,3 га жер учаскесі қоршалып, балалар ойнауға арналған құралдар қойылған.

Ауылда құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау мақсатында жұмыстар өз дәрежесінде атқарылған. Округ бойынша Құрманғазы аудандық ІІБ-не 16 тұлға профилактикалық есепке алынған, олар әкімшілік қадағалау ықпалына түсетіндер ретінде 2 адам, әкімшілік қадағалауда 1 адам, отбасы тұрмыстық қарым қатынас саласы бойынша 13 тұлғаға қорғау нұсқамасы шығарылған. Тізімдік есепке 18 тұлға алынған, олар маскүнемдер ретінде 8 адам, шартты сотталғандар 2 адам және бұрын сотталғандар 8 адам есепке алынған. Жасөспірімдер жұмыс барысында 1 қолайсыз отбасы есепке алынған, 5 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, аудан әкімдігі жанындағы арнай комиссияға 1 құжат жолданып, нәтижесінде 1 ата-ана құқығынан шектелген. 2017 жылы Орлы ауылдық округі бойынша 3 қылмыс тіркеліп, оның 1-і ашылған. Жалпы жыл ішінде округ бойынша 51 құқық бұзушылық анықталып, барлығына да әр түрлі мөлшерде айыппұлдар салынған. Атап айтқанда отбасы

тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылық – 10, қоғамдық орында масаң күйде жүргендері үшін – 13, түнгі мезгілде көше тыныштығын бұзғаны үшін – 7 адам, жекелеген қоғамдық орында темекі шеккені үшін – 8 адам, елді-мекендердің көріктендіру ережесін бұзғандары үшін – 3 адам, жануарларды ұстау ережесін бұзғаны үшін – 3 адам, ұсақ бұзақылық жасағаны үшін – 7 адам, аудандық сотқа апарылып тиісті шаралары алынған.

2) *Аудитпен қамтылатын қаржылар туралы мәлімет;*

*2015 жыл:*

123-001-011 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 129,0 мың теңге.

123-001-015 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 7 947,6 мың теңге.

123-003-011 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 49,0 мың теңге.

123-003-015 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 588,0 мың теңге.

123-008-015 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 388,0 мың теңге.

*2016 жыл:*

123-001-011 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 2 876,0,0 мың теңге.

123-001-015 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 19 181,0 мың теңге.

123-003-011 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 226,0 мың теңге.

123-003-015 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 847,0 мың теңге.

123-022-015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 261,0 мың теңге.

123-027-011 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру» бағдарламасы бойынша 328,0 мың теңге.

123-027-032 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру» бағдарламасы бойынша 17 881,0 мың теңге.

123-040-015 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 2 218,0 мың теңге.

123-107-000 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша 1 870,0 мың теңге.

2017 жыл:

123-001-000 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 21 211,0 мың теңге.

123-003-015 «Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 1 881,0 мың теңге.

123-014-000 «Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша 619,0 мың теңге.

123-022-000 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 297,0 мың теңге.

123-040-000 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 2 218,0 мың теңге.

123-107-000 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша 2 700,0 мың теңге.

3) Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының негізді жұмсалыуына аудит жүргізу;

Нақты жасайтын қызметкерлер саны штат кестесімен бекітілген бірліктен аспайды. Аудитпен қамтылған кезеңде мекеменің еңбекақы есептеп, төлеуде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысы басшылыққа алынып, төлемдер жүргізілген. Сыйлықақы беруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесі», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысы басшылыққа алынған.

Аудитпен қамтылған кезіндегі еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша жәрдемақысының есептелуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы №1339 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының молшерлерін айқындау туралы» (күші жойылған) және 2015

жылғы 28 желтоқсандағы №1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» қаулылыларына сәйкес жүргізілген. Оған қоса, қызметкерлердің еңбек демалыс ақылары ҚР-сы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1394 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» (ҚР-сы Үкіметінің 2015 жылғы 29 қазандағы №862 қаулысымен күші жойылған) қаулысына және ҚР-сы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілген.

2015-2017 жылдардағы аудит объектісінің штаттық кестесі аудит объектісі басшысымен бекітілген.

Бекітілген штаттық кестеге сәйкес:

- мемлекеттік қызметкерлер 6,0 бірлік;
- техникалық қызметкерлері 8,5 бірлік;
- әлеуметтік қызметкерлер 1,0 бірлік.

Аудит объектісінде іс-сапар шығыстары бойынша қаражат толеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысы (сол кезде қолданыста болған) басшылыққа алынған. 2015 жылы іс-сапар шығындарына 375,0 мың теңге, 2016 жылы 428,0 мың теңге, 2017 жылы 654,0 мың теңге қаражат бөлінген, толықтай игерілген. №8 журнал ордерлеріне, іс сапар бұйрықтарына аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

Аудитпен қамтылған кезеңде аудит объектісінің теңгерімінде Шевроле Нива 212300 автокөлігі кірістелген. Автокөліктерге жұмсалған жанар жағармай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «Жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жұмсалған. 2015 жылы автокөлікке 3370 л, 2016 жылы 3552 л, 2017 жылы 3566 л жанар-жағармай жұмсалған. Автокөліктің жол жүру құжаттары толтырылған, жанар-жағармай уақытылы есептен шығарылып отырған. №13 журнал ордерлеріне аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

Аудит объектісінде бухгалтерлік есептің жалпы жүргізілуі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы №1172 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10.08.2015 жылғы №636 қаулысымен күші жойылған) және ҚР-сы Үкіметінің 2015 жылғы 06 мамырындағы №241 «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қаулыларымен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және

оған кассалық қызмет көрсету ережесімен», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының (күші жойылды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесімен», Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы» Бұйрығының талаптарын негізінде жүргізілген.

Мекемелермен есеп айырысу орындалған қабылдау құжаттарына және орындалған жұмыс көлемінде қойылған шот-фактураларға сәйкес аударылып отырған. №2,5,6,8,13 журнал ордерлеріне аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

123-040-000 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 2016 жылы 2 218,0 мың теңге бөлініп, 2 218,0 мың теңгеге игерілген. Аудит объектісі мен «Сұңқар» ЖШС-ы арасында 09.01.2016 жылы 2 218,0 мың теңгеге №19 келісім шарт жасалған. Бұл қаржыға Орлы селосындағы қатты тұрмыстық қалдықтар төгетін орынды қоршау жұмыстары жасалған. 2017 жылы 2 218,0 мың теңге бөлініп, 2 218,0 мың теңгеге игерілген. Аудит объектісі мен «Сұңқар» ЖШС-ы арасында 18.05.2017 жылы 1 218,0 мың теңгеге №30 келісім шарт жасалған. Бұл қаржыға Алтыншы ауыл учаскесіне балалар ойын алаңын орнату жұмыстары жүргізілген. Және де Аудит объектісі мен «Сұңқар» ЖШС-ы арасында 20.06.2017 жылы 1 000,0 мың теңгеге №35 келісім шарт жасалған. Бұл қаржыға Орлы ауылына балалардың ойын алаңы сатып алынған. Келісім шарттар, орындалған жұмыс актілері, атқарылған жұмыстарына аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2016 жылы Орлы ауылдық округінің ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне, су жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ақаулық акті (бұдан әрі-ЖСК) жасақталған болатын.

Бұдан кейін 2016 жылы Орлы ауылдық округінің ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне, су және кәріз жүйесіне жәй жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Жобалық сметалық құжаттама (бұдан әрі-ЖСК) жасақталған болатын. Жұмыстың көлемі ЖСК-ға сәйкес 4620,62 мың теңгені құраған.

Бұдан кейін Орлы округінің әкімі 02.08.2016 жылғы №08-16-01/606 санды хатымен Құрманғазы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Ж.Сүндетовтан округ ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын

жүргізу және сумен жабдықтау үшін 4620,0 мың теңгеге конкурс өткізін беруді сұраған.

Содан кейін 04.08.2016 жылы Конкурстық құжаттама жасақталған. Конкурстың атауы «Работы по капитальному ремонту системы отопления аппарата Орлинского сельского округа». Конкурсты ұйымдастырушы «Құрманғазы аудандық құрылыс бөлімі» ММ.

21.09.2016 жылғы №713664 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес жеңімпаз ретінде ЖК «Мурзағалиев С.С» танылған. Бұдан кейін «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен ЖК «Мурзағалиев С.С» арасында 3 788,4 мың теңгеге Орлы ауылдық округінің ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне жәй жөндеу жұмыстарын жүргізуге 12.10.2016 жылы №22 келісім шарты жасақталған. Қазынашылық басқармасында 24.11.2016 жылы тіркелген.

Округ әкімі А.Мұфтахтың 02.11.2016 жылы №82 «Орлы ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және сумен жабдықтау жұмыстарының құрылысы аяқталуына байланысты нысанды пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиясын құру туралы» Әкімімен қабылдау комиссиясы құрылған. Бұдан кейін 07.11.2016 жылы Орлы ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және сумен жабдықтау жұмыстары комиссия мүшелерімен қабылданып алынған. Алайда, мердігер жұмыс 25.11.2016 жылғы №1 орындалған жұмыс актісімен ұсынып отыр.

**1-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 73-бабының 2-тармағының, 12.10.2016 жылы №22 келісім шарттың 6.1, 6.2 тармағының талабы бұзылып, жұмыс 07.11.2016 жылы қабылданған. Ал, мердігер жұмыс 25.11.2016 жылғы №1 орындалған жұмыс актісімен тапсырып отырса, жұмыс 07.11.2016 жылы қабылданған. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 01 қазандағы №18-НҚ нормативтік «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышысында 2.4.2.3 тармағында көзделген. (әрі қарай – Бұзушылықтар сыныптауышы).

*Жалғанды 1-қосымша( \_\_бетте)*

**2-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» №1118 қаулысына 6-қосымшасын (Ғимараттарды ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі) бұзып, келісім шарт бойынша Орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілген жұмыстар тізбесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда көрсетілген қаулысының 7-қосымшасына, Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу ҚР ҚН

1.04-26-2011 нормасының 5.2 тармағына сәйкес күрделі жөндеуге жататын құрылыстарды толық ауыстыру бойынша жұмыстар орындалған.

*Жалғанды 2-қосымша( \_\_ бетте)*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 60-бабының 1-тармағының «Объектілердің және олардың кешендерінің құрылысы (реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жаратандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу), сондай-ақ коммуникацияларды төсеу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және коғалдандыру белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, елді мекеннің бас жоспары негізінде орындалған құрылыс салу жобасына (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасына) сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады.»,-делінген.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 64-1 бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жобалық сметалық құжаттама міндетті түрде сараптамадан өту керек.

**3-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 64-1 бабының 2-тармағының 2) тармақшасы сақталмай, Жобалық сметалық құжаттама сараптамадан өтпестен, жәй жөндеу жұмыстары күрделі жөндеу жұмыстарына жатқызылса да, ЖСҚ сараптамадан өткізілмеген. Бұзушылықтар сыныптаушысында 2.4.2.2 тармағында көзделген.

*Жалғанды 3-қосымша( \_\_ бетте)*

**4-тармақ.** Сәйкесінше, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 34-бабының 1-тармағына сәйкес күрделі жөндеу жұмыстары авторлық қадағалаусыз жүргізілген. Бұзушылықтар сыныптаушысында 2.4.2.5 тармағында көзделген.

*Жалғанды 4-қосымша( \_\_ бетте)*

**5-тармақ.** Сәйкесінше, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 34-1 бабының 1-тармағына сәйкес күрделі жөндеу жұмыстары техникалық қадағалаусыз жүргізілген. Бұзушылықтар сыныптаушысында 2.4.2.5 тармағында көзделген.

*Жалғанды 5-қосымша( \_\_ бетте)*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 17-бабының 1-тармағының б) тармақшасының «осы заңда міндеттілігі көзделген жағдайда, құрылысты сәулет-құрылыс бақылауын мен қадағалауын, техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру»,-делінген талабының сақталмауы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарда белгіленген нормалар мен талаптарды

(шарттарды, ережелерді, шектеулерді) бұзуға жол берген оның субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

**6-тармақ.** Аудит объектісінің 2016 жылға арналған бюджеттік өтініміне сәйкес 123-001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасының 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігіне Ғимараттың ішкі жылу жүйесіне күрделі жөндеуге 4 300,0 мың теңгеге сұраныс берілген. 2016 жылы бюджетті нақтылау кезінде, конкурстық хаттаманың шешіміне сәйкес 4 789,0 мың теңге аудит объектісінің 123-001-015 бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігіне қаржылық жоспарына енгізілген.

Алайда, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 34-бабының 1-тармағындағы «Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға» жататын және бұл бағдарламалар арқылы мекеменің қызметіне байланысты барлық ағымдағы шығыстар жоспарланып, төленетіндігі ескерілмей, мемлекеттік мекеменің 123-001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі арқылы 2016 жылы 3 788,4 мың теңге күрделі сипаттағы шығындардың жоспарланып төленуіне жол берілген. Бұзушылықтар сыныптауышысында 2.1.2.18 тармағында көзделген.

*Жалғанды 6-қосымша( \_\_бетте)*

Орлы ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және сумен жабдықтау жұмыстарының ақаулық акті, сметалық құжаттама, орындалған жұмыс актісіне сәйкес бақылау өлшемі жүргізілді. Бақылау өлшеміне аудит объектісі тарапынан округ әкімі А.Мұфтах, әкімнің кеңесшісі А.Кибатуллин, бас маман-есепші Г.Гилагова, мердігер «Мурзағалиев С.С» ЖК тарапынан С.Мурзағалиев қатысты.

Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 272-бабында «Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс», - делінген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97-бабының 6-тармағының талаптары сай, мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шотты табыс етудің заңдылығын және негізділігін, жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың берілуін, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз ету қажет.

Аудит объектісінің, мердігердің өкілдерінің қатысуымен жасақталған ЖСҚ, ақаулық акті, техникалық ерекшеліктер, орындалған жұмыс актілеріне бақылау өлшемі жүргізіліп, нәтижесінде айырмашылықтар анықталды.

**Бақылау өлшемімен анықталды:**

№	Жұмыстың атауы	Өлшем бірлігі	Смета бойынша көлемі	№1 орындалған жұмыс актісі бойынша	Бақылау өлшемімен анықталған көлемі	Айырмасы: +көбейген -азайған	Ескертпе
1	Установка чугунных радиаторов	кВт	181,2	181,2	42,7	-138,5	Ғимаратта кондырылған шойын батареяларда 301 секция орналасқан. Әр секцияның жылу беру қуаты құжат бойынша 0,142 кВт

Нақты анықталып, орнатылған шойын радиаторлардың жылу беру қуаты секциясы 301 дана  $\times 0,142 \text{ кВт} = 42,7 \text{ кВт}$  болып анықталды.

Яғни, ақаулық ведомстінде, сметада, атқарылған жұмыс актісінде шойын радиаторларды орнатуда **138,5 кВт-қа** ( $181,2 \text{ кВт} - 42,7 \text{ кВт} = 138,5 \text{ кВт}$ ) айырмашылық анықталды. Бұл, нақты орындалып, атқарылған, орнатылған шойын радиаторлардың жылу беру қуатынан 138,5 кВт-қа сметалық құжаты, ақаулық актісі, техникалық ерекшелігінде негізсіз жоғарылатылып қойылғанын көрсетеді.

**7-тармақ.** Аудит объектісімен Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272-бабының, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97-бабының 6-тармағының талаптары сақталмай, Орлы ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ішкі жылу жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және сумен жабдықтау жұмыстары бойынша «Мурзағалиев С.С» ЖК-ға орындалмаған жұмыстарға жалпы сомасы **2 016,8 мың теңге** қаражат негізсіз артық аударылған. Бұзушылықтар сыныптауышысында 2.1.1.4 тармағында көзделген.

*Бақылау өлшемі жалғанды*

4) *Жоғары тұрған бюджеттен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен, Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен, Жұмыспен қамту 2020 жол картасы арқылы бөлінген қаражаттарының жұмсалыуының дұрыстығы;*

Республикалық бюджеттен трансферт ретінде 2015 жылы 264,0 мың теңге, 2016 жылы 2 876,0 мың теңге бөлініп, игерілген. Аталған нысаналы трансферттер қызметкерлердің жалақысына қосымша 10 пайыз және еңбекақы есептеудің жаңа моделіне көшу кезінде еңбекақыға қосымша жалақы ретінде әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын арттыруға берілген. Нысаналы трансферттер толықтай игеріліп, мақсатына сай пайдаланылған.

2016 жылы 123-027 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру» бағдарламасы бойынша 18 209,0 мың теңге бөлініп, 18 208,6 мың теңгесі игерілген. Бұл қаражат «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» (бұдан әрі-балабақша) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген.

2016 жылы 123-107-000 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша 1 870,0 мың теңге бөлініп, 1 869,5 мың теңгесі игерілген. Бұл қаражаттар Ауылдық округте жағалауды бекіту жұмыстарына жұмсалған.

1) Аудит объектісі мен «Құрманғазы жолдар» ЖШС-мен 25.05.2016 жылы 988,8 мың теңгеге жағалауды бекіту жұмыстарына №1 келісім шарт жасакталған. 15.06.2016 жылғы №23 орындалған жұмыс актісіне сәйкес 28.07.2016 жылы №1231258/16-449 төлем шотымен 988,8 мың теңге «Құрманғазы жолдар» ЖШС-ның есеп шотына аударылған.

1) Аудит объектісі мен «Құрманғазы жолдар» ЖШС-мен 25.05.2016 жылы 880,7 мың теңгеге жағалауды бекіту жұмыстарына №2 келісім шарт жасакталған. 14.06.2016 жылғы №3 орындалған жұмыс актісіне сәйкес 28.07.2016 жылы №1231258/16-448 төлем шотымен 880,7 мың теңге «Құрманғазы жолдар» ЖШС-ның есеп шотына аударылған.

2017 жылы 123-107-000 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша 2 700,0 мың теңге бөлініп, 2 700,0 мың теңгесі игерілген. Бұл қаражаттар Ауылдық округте жағалауды бекіту жұмыстарына жұмсалған.

1) Аудит объектісі мен «Каримов Н.К» ЖК-мен 04.05.2017 жылы 2 700,0 мың теңгеге жағалауды бекіту жұмыстарына №1 келісім шарт жасакталған. 16.05.2017 жылғы №6 орындалған жұмыс актісіне сәйкес 24.05.2017 жылы №1231258/17-202 төлем шотымен 2 700,0 мың теңге «Каримов Н.К» ЖК-ның есеп шотына аударылған. Келісім шарттар, орындалған жұмыс актілері, атқарылған жұмыстарына аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*Тізбе қоса жалғанды \_\_бетте.*

5) *Активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың есепке алынуын және есептен шығару дұрыстығы, олардың бухгалтерлік есеп бойынша бастапқы құжаттарына (шот-фактуралар, жүкқұжаттар, төлемге ұсынылған шоттар және т.б.) сәйкестігі мен сақтандығын анықтау үшін негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу жұмыстарын жүргізу;*

Мекеменің негізгі қор мүліктеріне жауапты тұлғамен толық материалдық жауапкершілік жөнінде келісім шарт жасалынған. Бухгалтерлік есеп бойынша 01.01.2018 жыл жағдайына мекеменің теңгеріміндегі негізгі қор мүліктерінің бастапқы құны 492 469,9 мың теңге, қалдық құны 359 346,6 мың теңгені құраған.

Жалпы аудит жүргізу барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алып, аудит объектісінің негізгі қор мүліктеріне, сонымен қатар бақылаумен қамтылған кезеңде сатып алынған, кірістелген тауарлы-материалды құндылықтардың бар-жоғын қарау мақсатында түгендеу жүргізіліп, жетіспеушіліктер анықталмады. Активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың есепке алынуын және есептен шығару дұрыстығы, олардың бухгалтерлік есеп бойынша бастапқы құжаттарына (шот-фактуралар, жүкқұжаттар, төлемге ұсынылған шоттар және т.б.) сәйкестігі мен сақтандығын анықтауда бұзушылықтар анықталмады. Бағдарламаның мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*Тізбе қоса жалғанды \_\_бетте.*

*б) Мемлекеттік сатып алу бойынша жасасқталған келісім шарттардың орындалысы;*

Аудит объектісінде мемлекеттік сатып алу жалпы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III және 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (бұдан әрі-Мемлекеттік сатып алу туралы заңы) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №1301 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы негізінде жүзеге асырылған.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша 2015-2017 жылдарына арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары аудит объектісі басшысымен бекітіліп, [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) веб-порталында орналастырылған.

2015 жылы 28 мемлекеттік сатып алу өткізілген. Оның ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен 25 сатып алу, баға ұсынысын сұрату тәсілі бойынша 3 сатып алу өткізілген.

2016 жылы 23 мемлекеттік сатып алу өткізілген. Оның ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен 16 сатып алу, баға ұсынысын сұрату тәсілі бойынша 1 сатып алу, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен 5 сатып алу, ашық конкурс тәсілімен 1 мемлекеттік сатып алу өткізілген.

2017 жылы 32 мемлекеттік сатып алу өткізілген. Оның ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен 27 сатып алу, баға ұсынысын сұрату тәсілі бойынша 2 сатып алу, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен 3 сатып алу өткізілген. Бағдарламаның мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*Тізбе қоса жалғанды \_\_бетте.*

*7) Күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаражаттың дұрыстығы, орындалған жұмыс түрлерінің жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған шарттар бойынша жасалған және толенген сомаларға сәйкестігі;*

2016 жылы 123-027 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру» бағдарламасы бойынша 18 209,0 мың теңге бөлініп, 18 208,6 мың теңгесі игерілген. Бұл қаражат «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» (бұдан әрі-балабақша) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген. Аудит объектісінің есеп шотынан 25.05.2015 жылғы №14, №15 келісім шарттарына сәйкес балабақшаға 18208,6 мың теңге аударылған. Яғни, 28.09.2016 жылғы №1231258/16-590 төлем шотымен 30,8 мың теңге, 25.11.2016 жылғы №1231258/16-710 төлем шотымен 258,0 мың теңге, барлығы 288,8 мың теңге техникалық қадағалау жұмыстарын жүргізуге аударылған. 27.09.2016 жылғы №1231258/16-567 төлем шотымен 38,9 мың теңге авторлық қадағалау жұмыстарына аударылған.

30.06.2016 жылғы №1231258/16-380 төлем шотымен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге алдын ала төлем 5 902,0 мың теңге, 01.07.201 жылғы №1231258/16-382 төлем шотымен орындалған жұмыс актісіне сәйкес 1 968,0 мың теңге, 22.07.2016 жылғы №1231258/16-422 төлем шотымен орындалған жұмыс актісіне сәйкес 3 902,0 мың теңге, 25.08.2016 жылғы №1231258/16-515 төлем шотымен 4 287,7 мың теңге, 29.08.2015 жылғы №1231258/16-522 төлем шотымен орындалған жұмыс актісіне сәйкес 33,0 мың теңге, 22.09.2016 жылғы №1231258/16-547 төлем шотымен орындалған жұмыс актісіне сәйкес 1 788,1 мың теңге аударылған.

*Жалғанды үстеме тексерістің аудиторлық есебі.*

### **2.1.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері:**

Аудиторлық іс-шаралар жүргізу барысында, 2016 жылы 027 «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру» бағдарламасымен қаржыландырылған «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына үстеме тексеру жүргізілді.

Үстеме тексерумен анықталғаны:

**1) «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша:**

**1-тармақ.** «Балдырған» балабақшасы ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарына арналған ЖСҚ-сы 2013 жылы «Сенімді Құрылыс» ЖК-мен жасақталған. ЖСҚ-ға Қазақстан Республикасы ұрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агенттігінің «жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның («Мемсараптама» РМК) Атырау облысы бойынша филиалы мекемесімен 08.04.2014 жылы №05-0136/14 оң

қорытынды берілген. Құрылыс монтаж жұмыстары 2016 жылдың маусым-қыркүйек айлары аралығында жүргізілген.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу ҚР ҚН 1.04-26-2011 нормасының 5-тармағы, 5.2.17 – тармақшасына сәйкес, Жобалау-сметалы құжаттаманың бекітілуі мен құрылыстық-жөндеу жұмыстары арасындағы уақыт аралығы бір жылдан аспауы керек. Ескірген жобалар тиісті жұмыстарды орындауға лицензиялары бар ұйымдармен немесе жеке тұлғалармен қайта өңделуі керек және қайтадан әзірленген жобаларды бекіту үшін орнатылған тәртіпте бекітілуі керек. Алайда, аудит объектісінің тарапынан аталған жұмыстар жүргізілмеген. Бұзушылықтар сыныптауышында көзделмеген.

**2-тармақ.** 2016 жылғы 31 тамыздағы №65 «Балдырған» балабақшасының меңгерушісі Т.Шиямеденованың бұйрығымен тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімімен 2016 жылғы 16 қыркүйек күні «Мемлекеттік қабылдау комиссиясының күрделі жөндеуден өткен объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі» негізінде қолданысқа қабылданған.

Алайда, «Құрылыс өндірісі, кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуды ұйымдастыру» 1.03-00-2011 ҚР ҚН-ның 2-қосымшасына сәйкес, мердігер мекемеден тапсырыс берушіге атқарушы құжаттамалар тапсырылмаған. Атап айтар болсақ: Жұмыстарды жасау кезінде пайдаланылатын материалдарды, конструкциялар мен бұйымдардың қасиеттерінің, қауіпсіздігінің, қасиеттерінің сәйкестігін куәландыратын сертификаттар (соның ішінде өрт және гигиена), техникалық деректер парақтары, сынақ есептері, радиациялық қауіпсіздік немесе басқа да құжаттар құжаттама; және белгілі бір маңызды құрылымдар мен жинақтардың (көпірлер, арка, арка, тірек қабырғалары, металды және префабрикалы темірбетон конструкцияларын қолдайтын және т.б.) аралық қабылдау актілері, сондай-ақ шарт (тар); Жұмыстың журналдары.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 02 сәуірдегі №261-IV «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» (28.11.2014 жылғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Заңының 36-бабы, 1-тармағына сәйкес, Уәкілетті орган атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті мақсаттарда Борышкерлердің бірыңғай тізілімін жүргізеді. Борышкерлер туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Алайда, аудит объектісінің басшысы мердігер «Игілік-ГН» ЖШС-дан атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөнінде уәкілетті орган - атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға жүгінбеген. Бұзушылықтар сыныптауышысында 2.4.2.2 тармағында көзделген.

**3-тармақ.** «Уақытша ғимараттар мен құрылыстардың салынуына шығыстардың сметалық нормаларының жинағы» 8.02-09-2002 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларының 3-тарауы 3.4. тармағына сәйкес –

уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бұзу кезінде алынатын материалдар мен бөлшектерді іске асырудан алынатын қайтарылатын сомалар, құрылыс бағасының сметалық есептеуінде, уақытша ғимараттар мен құрылыстардың бағасынан есептеулердің түрінен тәуелсіз 15% мөлшерінде құрылыс бағасының сметалық есептеуінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылыс және құрылыс қызметі туралы» Заңының 60-бабы 1-тармағының талаптары сақталмай, жүргізілген жұмыстар бойынша сметалық құжаттамада көрсетілген уақытша ғимараттар мен құрылыстардан қайтарылуға жатқызылатын жалпы сомасы **16,5 мың теңге** бюджет қаржысының мердігермен қайтарылуы қамтамасыз етілмеген. Бұзушылықтар сыныптауышысының 2.4.1.1 тармағында көзделген.

*Аудит барысында сметалық құжаттамада көрсетілген уақытша ғимараттар мен құрылыстардан қайтарылуға жатқызылатын 16,5 мың теңге бюджет есебіне өндірілді.*

**4-тармақ.** Аудит объектісімен Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 654-баптарының, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97-бабының 6-1 тармағының талаптары сақталмай, Балдырған балабақшасының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары бойынша «Игілік-ГН» ЖШС-ға орындалмаған жұмыстарға жалпы сомасы **231,6 мың теңге** қаражат аударылған. Бұзушылықтар сыныптауышысында 3.1.1.4 тармағында көзделген.

*Аудит барысында 231,6 мың теңге бюджетке өтеліп, қалпына келтірілді.*

*Аудиторлық есеп, Бақылау өлшемі жалғанды.*

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

**3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:**

Аудит нәтижелері бойынша Бюджет Кодексінің, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңдарының және басқа да заңнамалардың талаптарының бұзылуының, бюджет қаражаттарын тиімді жоспарлануы және пайдалануы төмендігінің атап өтуі қажет.

Жүргізілген аудит бюджеттік қаражаттарды жоспарлау және пайдалану барысында Мекеме қолданыстағы заңнамалардың талаптары толық сақталмайтындығын және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер мекеме басшысы мен есепшілер тарапынан жеткіліксіз бақылауда ұстамауын көрсетеді.

Тапсырыс беруші жобалық сметалық құжаттарында уақытша ғимараттар мен ғимараттардан қарастырылған 15% көлеміндегі қайтарылатын сомасы мердігерлерден өндірілмегені, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілмейтіндігін білдіреді.

Құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде нормативтік құжаттарда көзделген атқарушылық техникалық құжаттаманы ресімдеу қағидалары сақталмаған.

Бекітілген уақыттан 1 жылдан асқан жобалау сметалық құжаттамалар қайта өңделмей, бекітілмеген.

Күрделі жөндеу жұмыстары толық жүргізілмеген.

Орлы ауылдық округі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жәй жөндеу жұмыстары болып жүргізілген. Жобалық сметалық құжаттама сараптамадан өтпеген, авторлық, техникалық қадағалау жұмыстары жүргізілмеген. Аудит объектісінің басшылықтары тарапынан қадағалау дұрыс жүргізілмеген. Күрделі жөндеу жұмыстарының ақаулық актісі, техникалық ерекшелігінде негізсіз жоғарылатылып қойылған жұмыс енгізілген. Сәйкесінше қаражат артық аударылған.

**3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері:** мемлекеттік аудит бағдарламасында қарастырылмаған.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** Кедергілер болған жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Аудиторлық іс-шара жүргізу барысында

1) «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында анықталған 248,1 мың теңгенің қаржылық бұзушылықтары қалпына келтірілді. Олар:

-сметалық құжаттамада көрсетілген уақытша ғимараттар мен құрылыстардан қайтарылуға жатқызылатын 16,5 мың теңге бюджет есебіне өндірілді.

-орындалмаған жұмыстар бойынша 231,6 мың теңге бюджетке өтеліп, қалпына келтірілді.

#### **IV. Қосымшалар:**

1. мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап \_\_\_ бетте;

2. аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі \_\_\_ бетте;

3. аудиторлық дәлелдемелер:

1-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

2-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

3-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

4-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

5-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

6-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

7-тармақ бойынша дәлелді құжаттар \_\_\_ бетте;

Үстеме тексеру нәтижелері (аудиторлық есептер);

3.1. Аудит объектісінің құрылтай құжаттары, бұйрықтары, тіркеу куәліктері, Жарғысы \_\_\_ бетте;

3.2. алдыңғы аудиттің құжаттары \_\_\_ бетте;

3.3. 1, 2, 3, 4-кестелер \_\_\_ бетте;

3.4. негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінің бақылау өлшемдері \_\_\_ бетте;

3.5. Ұсыным хат \_\_\_ бетте.

**Тексеру комиссиясының жұмыскерлері:**

№3 мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бөлімінің басшысы-мемлекеттік аудиторы



А.Муратов

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар: **жоқ**.

Аудиторлық есеп екі данада жасалды.

№ 1 дана – Тексеру комиссиясына, бланк №000097;

№ 2 дана – мемлекеттік аудит объектісіне, бланк №000098.

Тексеру комиссиясы  
2 дана